

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру
ұлттық ғылыми-практикалық
институты президент м.а.
2025 ж. «___» _____
№ _____ бұйрығымен бекітілген

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Халықаралық әйелдер күнін мерекелеуге орайластырылған «Анамен бірге сурет саламыз» республикалық сурет байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы – «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

1.3. **Байқаудың мақсаты:** ата-аналар мен балалардың өзара шығармашылық қарым-қатынасын ынталандыру, бала-ата-ана қарым-қатынасын нығайту.

1.4. Байқаудың міндеттері

1. Шығармашылық кеңістікті қалыптастыру:

- ата-аналар мен балалар өздерінің шығармашылық даралығын еркін білдіре алатын және көркемдік деңгейде өзара әрекеттесе алатын атмосфера құру.

2. Өзара түсіністікке ықпал ету:

- бірлескен шығармашылық және идеялармен алмасу арқылы ата-аналар мен балалар арасындағы өзара түсіністікке ықпал ету.

3. Шығармашылық дамуды қолдау:

- қатысушыларға әртүрлі көркем материалдар, әдістермен тәжірибе жасауға мүмкіндік беру, олардың шығармашылық өсуін ынталандыру.

4. Ата-аналардың тәрбиелік рөлін қолдау:

- балалардың шығармашылық дамуына ата-аналардың қатысуының маңыздылығын атап өту, олардың көркемдік қызығушылықтары мен дағдыларын қалыптастырудағы рөлін айқындау.

2. ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

2.1. Байқауға мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары ата-аналарының бірімен (анасы, әжесі, қамқоршысы, апайы немесе басқа заңды әйел өкілі) бірге қатыса алады.

2.2. Өткізу мерзімі

Жұмыстарды қабылдау 05.03 - 25.03.2025 ж.

10.04.2025 ж. дейін қорытындылау

2.3. **Байқау қорытындысы** «Өркен» ұлттық ғылыми-практикалық балалардың әл-ауқатын арттыру институтының Facebook /Instagram /Тик-ток парақшаларында жарияланады.

3. ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

3.1. Суреттердің тақырыптары қатысушылардың қалауы бойынша анықталады. Бірлескен шығармашылық күш-жігерді көрсететін кез келген тақырып таңдалуы мүмкін.

- Өртүрлі көркем материалдарды қолдануға рұқсат етіледі: бояулар, қарындаштар, маркерлер және т. б.
- Өртүрлі көркемдік әдістерді қолдануға рұқсат етіледі.
- Қатысушылар өз суреттерін шығармашылық үдерістің кезеңдерін фотосуретке түсіру арқылы салады.

Қатысушылардың үздік жұмыстарының көрмесі мектеп базасында ұйымдастырылуы мүмкін.

Байқау соңында үздік жұмыстар «Өркен» ұлттық ғылыми-практикалық балалардың әл-ауқатын арттыру институтының әлеуметтік желілерінде жарияланады.

3.2. *Жұмыстарға қойылатын талаптар*: суреттер мен фотоесептер JPG форматында қабылданады.

3.3. *Жұмыстарды жіберу*: дайын суреттерді фотоесептермен қоса [cit_nigrch@mail.ru](mailto:nigrch@mail.ru) электрондық мекенжайына жіберу керек.

3.4. Жұмыспен қатар, хатта мыналар көрсетілуі керек (*үлгіге сәйкес жіберіледі*):
автор (аты-жөні);

сыныбы, мектебі, өңірі;

мекенжайы;

байланыс телефонының нөмірі;

білім беру мекемесі;

Шығармашылық үдеріске қатысқан анасының, әжесінің, қамқоршысының, апайының немесе басқа заңды әйел өкілінің аты-жөні.

3.5. Қатысушылар туралы жұмыстар мен ақпарат бір хатпен жіберіледі.

3.6. Деректер көрсетілмей жіберілген жұмыстар қаралмайды.

4. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

4.1. Даралық және шығармашылық көзқарас

4.2. Техникалық шеберлік

4.3. Ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылығы және өзара әрекеттесуі.

5. АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

5.1. Байқауға қатысушының авторлық құқығының сақталуына автор жауапты болады.

5.2. Байқауға жұмысты жіберу арқылы автор Ұйымдастырушыға жіберілген материалды толығымен немесе үзіндісін пайдалануға және оның дербес деректерін автоматты түрде өңдеу құқығын береді.

[illegible]